

Ерейментау ауданы елді мекендерінің шекараларын (шегін) өзгерту және белгілеу туралы

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 5 мамырдағы № а-5/116 қаулысы және Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2023 жылғы 5 мамырдағы № 8С-2/4-23 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 19 мамырда № 8565-03 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес Ерейментау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ерейментау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Ерейментау ауданының келесі елді мекендерінің шекаралары (шегі) өзгертілсін және белгіленсін:

1) Тайбай ауылдық округінің Тайбай ауылының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 13519,7 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін;

2) Тайбай ауылдық округінің Елтай ауылының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 2041,6 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін;

3) Тайбай ауылдық округінің Малтабар ауылының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 8385,9 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін;

4) Олжабай батыр атындағы ауылдық округінің Олжабай батыр атындағы ауылының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 7930,8 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін;

5) Олжабай батыр атындағы ауылдық округінің Алғабас ауылының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 2870,2 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін;

6) Олжабай батыр атындағы ауылдық округінің Ынтымақ ауылының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 3118,5 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін;

7) Ақсуат ауылының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 13586,4 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін;

8) Өлеңті ауылдық округінің Өлеңті ауылының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 17628,7 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін;

9) Өлеңті ауылдық округінің Қоржынкөл станциясының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 4122,1 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін;

10) Өлеңті ауылдық округінің Өлеңті станциясының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 1064,3 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін;

11) Қойтас ауылдық округінің Қойтас ауылының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 7892 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін;

12) Қойтас ауылдық округінің Ажы ауылының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 4645,9 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін;

13) Сілеті ауылының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 30376,4 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін;

14) Бестоғай ауылдық округінің Бестоғай ауылының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 15429,5 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін;

15) Бестоғай ауылдық округінің Байсары ауылының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 5394,1 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін;

16) Бестоғай ауылдық округінің Қызылту ауылының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 2441,6 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін;

17) Ақмырза ауылдық округінің Ақмырза ауылының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 6437 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін;

18) Тайбай ауылдық округінің Жарық ауылының шекарасын (шегін) өзгертіп жалпы алаңы 5690 гектар шекарасы (шегі) белгіленсін.

2. Осы бірлескен Ерейментау ауданы әкімдігінің қаулысы мен Ерейментау аудандық мәслихатының шешімі орындалуын бақылау Ерейментау ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен Ерейментау ауданы әкімдігінің қаулысы мен Ерейментау аудандық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ерейментау ауданының әкімі

А. Альжанов

Ерейментау аудандық мәслихатының төрағасы

М. Абжиков